

**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШАЛҚАР АУЫЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ № 43/1

Шалқар ауылы

«29» тамыз 2024жыл

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысын ұйымдастыру,
қызметін жүзеге асыру туралы**

**«ӨРКЕН» бағдарламасы аясында ата-аналарды педагогикалық
қолдау жұмысын ұйымдастыру туралы**

Оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, сондай-ақ балалардың физикалық, когнитивті, эмоционалды және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында «ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының ұсынымдарына сәйкес ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру туралы
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024—2025 оқу жылында ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысы жүргізілсін.
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспары бекітілсін және оқу жылы барысында жүзеге асырылсын.
3. Жоспар бойынша ата-аналармен өткізілетін барлық іс-шаралар келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылсын:
 - Физикалық әл-ауқат: балалардың денсаулығы мен өмір салтына қатысты тақырыптар;
 - Когнитивті әл-ауқат: баланың зейіні мен ойлау қабілетін дамыту;

- Эмоционалды әл-ауқат: отбасылық қатынастар мен эмоцияны басқару;

- Әлеуметтік әл-ауқат: баланың қауіпсіздігі мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру.

4. Ата-аналармен жүргізілетін барлық іс-шаралар нәтижесі мектептің педагогикалық кеңесінде қаралсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Искаков А.А жүктелсін.

Мектеп директоры : Ганеев Т.М

